



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

29 мамыр
сенбі

№42 (1744)

2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

31 МАМАЫР – ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ
АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

КӨРМЕК КҮН



Откенге ой жіберіп, тарих жылнамасын көңіл сүзгісінен өткізсеңіз, біз көрмеген құқай жоқ. Қазақ қазақ болғалы соғысты да, ашаршылықты да, жаугершілікті де, сатқындықты да, қуғын-сүргінді де басынан өткерді. Жұбанша жазар болсақ, «Мың өліп, мың тірілген» халықпыз. Жаза берсең жан жаранның беті қайта сыздайды. Айтпайың десең сөз атасы өледі. 1997 жылы Мемлекет басшысының пәрменімен ақтандық жылдардың құрбаны боп, «Халық жауы» атанып кеткен арыстарды ақтау дәуірі басталды. Бұл теңдессіз Тәуелсіздігіміздің жемісі мен жеңісі.

3 БЕТТЕ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

ӘКІМ НАЗАРЫНДА: ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ, БАҒА, ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК САПАСЫ

Қаладағы қоғамдық көліктер қызметі мен мемлекеттік тіл саясаты бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар және ауыл шаруашылығы төңірегіндегі түйткілі мәселелердің шешімі қандай? Бұл туралы қала әкімдігінің мәжіліс залында өткен аппараттық жиында тиісті мекеме басшылары егжей-тегжейлі хабарлады.

Қала әкімі Ғанибек Қазантаевтың төрағалығымен өткен аппараттық мәжілістің күн тәртібінде қаралған үш мәселеде де осы жұмыстар жан-жақты талқыланды.

БАС ШАҒАРДА ТІЛ МӘСЕЛЕСІ ҚАНДАЙ?

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязовтың айтуынша, қаладағы мекемелерде іс-қағаздар мемлекеттік тілде жүргізіліп келеді. Қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелердің құжат айналымдарының мемлекеттік тілде жүргізілуіне ай сайын тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп келеді. 2020 жылдың қорытындысымен мемлекеттік тілде шығарылған құжат айналымы 100 процентті құраған. Сондай-ақ қала тұрғындарының үш тілді қатар меңгеру деңгейі артып келе жатқаны айқын аңғарылады. Атап айтсақ, халықтың 99,2 проценті мемлекеттік тілді еркін меңгерген. Орыс тілін 88,9 проценті, ағылшын тілін 23,1 проценті игергені анықталып отыр. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезек-кезеңімен ауыстыру жөнінде арнайы жоспар бекітіліп, соған жұмыстар жүргізілуде. Латын графикасына негізделген жаңа әліпбиді білім беру жүйесіне енгізу бойынша жаңа әліпбидегі емле ережесін меңгеру мақсатында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және арнайы курстар, семинарлар мен дәрістер өткізу жоспары бекітілген. Мәдениет бөлімі мамандарымен қала көшелеріндегі көрнекі ақпараттардың орналасу заңдылығына мән беріліп, дүкендер мен дәмханалардың, сауда орындары мен сәулілік салондарындағы атаулардың маңдайшасына ілінген жарнама жазулардың заңнама талаптарына сай орындалуын қадағалау мақсатында мониторинг жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Оның ішінде биыл 320 нысан иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 25 нысанның жарнамасы қайта өзгертіліп, ҚР «Тіл туралы» заңының талаптарына сәйкестігі нақтыланды.

Сонымен қатар қала көшелеріндегі аялдамалар ақпараттық танымдық тақырыпта қазақтың ұлы тұлғалары мен тарихи оқиғалар жайлы қанатты сөздермен безендіріліп, «Мобильді кітапхана» жобасындағы электронды кітап сөрелерінің QR-кодтары ілінген. Мұның барлығы қала халқының мәдениетін арттырып, тарихымызды танып білуге, уақытты оңтайлы пайдалануға үндейді.

Шаһар басшысы сала жетекшісіне осы тұрғыдағы жұмыстарды одан әрі дамыту қажеттігін, атаулары шет тілінде жазылған кәсіпкерлік нысандарды заңға сәйкес реттеу бойынша түсіндірме жұмыстарын ширатуды міндеттеді.

2 БЕТТЕ

САРАПТАМА

ӘСКЕРДЕН НЕГЕ ҚАШТЫҢ, БАЛА БАТЫР?

Тәуелсіз Қазақстанның айбары әскери қарулы күштер құрамы екені әмбеге аян. Өскелең ұрпақ әскерге барып, Отан алдындағы қасиетті парызын өтеуге ұмтылуы үшін оларға оның маңыздылығын жастайынан түсіндіру қажет. Жауынгер болу жігіттің жігерін жаниды, жауапкершілікке баулиды.

Ел қорғайтын азаматтарымыз барында біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыз, тыныштығымыз бен бірлігіміз үстемдік құрмақ. Тәуелсіз елдің кез келген азаматы Отан қорғауға қабілетті, өз елінің патриоты болуы тиіс. Сондықтан Отан алдындағы борышын өтеуді әр азамат парызым деп түсінгені жөн. Мемлекет өр ұландарымен, айбынды жауынгерлерімен мықты. Сондықтан әскер қатарындағы ұландарымызға артылған сенім мен жүктелген жауапкершілік мол. Алайда соңғы уақытта

Отан алдындағы борышын өтеуге құлықсыздық танытып, тұра қашатындар қатары көбейіп келеді. Ал мұның себебін әркім әртүрлі айтады. Осы орайда мәселенің мән маңызын жан-жақты зерделеп көрдік. Айтылған ойдың дұрысы мен бұрысын сараптауды оқырман еншісіне қалдырдық.



ӘСКЕРГЕ БАРУ – ӘРБІРІМІЗДІҢ БОРЫШЫМЫЗ

– Жасыратыны жоқ, әскерге барудан бас тартатындар бұған дейін де бірнеше мәрте болған. Олардың арасында түрлі себепті сылтау ете-тіндері де кездеседі. Әрине, бұл көңілге күймән келтіреді. Әрбір аламан Отан жалғыз, жүрек жалғыз. Ал соны шынайы сүй, таныммен түсіну рухы мықты жанның ғана қолынан келетін іс. Бүгінгі таңда көптеміз әскери шақырылымда қаламызда 60 азамат әскер қатарына алынған. Бұл әскери борышын өтеуге тиістердің тек 29,8 процентін ғана құраған.

Сонымен қатар әскери борышын өтеуден себепсіз жалтарып жүрген жүз шақты азамат қалалық полиция басқармасының іздеуіне іліккен. Сонымен қатар басқа өңірге қоныс аударған азаматтар да бар екендігі анықталып отыр. Кейбір ата-аналар балаларының тұрғылықты мекен – жайын нақты білмейтіндерін айтады. Әрине, бұл былай қарағанда түсінуге болатын шығар. Алайда азаматтың жеке басы үшін үлкен ұят нәрсе. Өйткені әскерге барудан жалтарып жүрген жігіт отбасы жауапкершілігін қалай аркалап жүрмек? Әскери шақырылымда қаламызда 60 азамат әскер қатарына алынған. Бұл әскери борышын өтеуге тиістердің тек 29,8 процентін ғана құраған.

Иә расымен де бұл бір мекеменің міндетіндегі іс емес. Бүгін бір елдің межелі мақсаты. Өйткені Отан деген ордалы шаңырақтың қасиеті мен қорғаныс ер азаматтары екені шүбәсіз. Отансүйгіштік сезім отбасында қалыптасады. Ол өсе келе адам бойына рух беріп, туған жерін қастер тұтып, құрметтеуді үйретеді. Сондықтан сап құрып сарбаз болу – әрбір жігітке жүктелетін жауапкершілік.

3 БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ



ӨЗГЕНІҢ ӨНІМІ ТӘТТІ немесе күбінде қалған қымыз

Қымыздың қасиетін қазақтан артық білетін ешкім жоқ. Ұлттық сусынның қадір-қасиетін талай ақын жырлады, қазақтың қымыз дайындауы мен құтты қонағына ұсынуы талай шығармаларға арқау болғаны да белгілі.

3 БЕТТЕ

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды.

Қапы қалманыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге
хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

CNN CNN CNN

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ОҚҚА ҰШТЫ

Калифорнияның Сан Хосе қаласында қарулы қылмыскер шабуыл жасап, нәтижесінде 8 адам көз жұмды. Жауапты органдардың жүргізген зерттеуі бойынша, қылмыскер өз әріптестеріне оқ жаудырған. Соңында шабуылшы өз өзіне оқ атып, қайтыс болған. Адам көп шоғырланатын қоғамдық орында болған оқиғаға байланысты CNN арнасының тілшісі Амир Вера «Сан Хоседағы теміржол станциясындағы шабуылдан білгеніміз» атты зерттеу мақаласын жариялады.



Қарулы шабуылдан 8 адам көз жұмып, сол станстан 8 миль жерде шабуылшының үйі өртенгені анықталған. Санта Клара аумағының шерифі Рассел Дэвис оқиға орнындағы мән-жай туралы берген сұхбатында шабуылшының көз жұмғанын айтқан. Оған бөлек арна тілшісі жауапты органдарға оқиғаның себебі әлі белгісіз екенін жазды.

Оқиғаға байланысты жасалған зерттеуінде тілші өңірдегі орғанға таңғы 6.34-те қонырау түсіп, Valley Transportation Authority (VTA) диспетчерлік орталығының қасында бірнеше адамға оқ атылды деп хабарланғанын анықтайды. VTA директорлар кеңесінің төрағасы Гленн Хендрикс оқиғаға диспетчерлік орталыққа жақын жерде емес, теміржол стансасында жасалды деп мәлімдеген.

Ең алғашқы оқтын дауысы шамамен түнгі және күндізгі ауысмаңның қызметкерлерінің жұмыс алмасуы кезінде естілген. Директорлар кеңесі төрағасының айтуынша, ең алғаш болып стансаға жақын жерде жүрген құқық қорғаушылар мен өрт сөндірушілер оқиға орнына келген. Сондай-ақ арнайы органдардағы иттер ол жерден жарылғын бомбалар тапқан.

VTA-ның хабарлауынша оқиға орнында жүргізіліп жатқан тексеріс жұмыстарының кесірінен компания әзірге барлық рейстерді тоқтатуға мәжбүр. Жалпы VTA – құрамында 2000-ға жуық қызметкер жұмыс істейтін қоғамдық көлік компаниясы.

Оқиға орнына барған CNN тілшісі қылмыскер Сэм Кэссиди атты азамат екенін, оның сол компанияда жұмыс істейтінін анықтаған. Шериф Дэвистың айтуынша, құқық қорғау органдары қылмыскерге оқ атпаған.

«Қылмыскер біздің қызметкерлер оқиға орнына жетті дегенді естіп, өз-өзіне қол жұмсаған. Мұны біздің қызметкерлер анық көрген, яғни қуа», – дейді округ шерифі Санта-Клара Лори Смит.

Өңірлік прокурор Джефф Розен атыс кезінде бірнеше қару қолданғанын айтқанымен, нақты қандай екенін айтпаған. Ал қуәгерлердің айтуынша, оқиға орнынан шыққан дауыстың үлкен қарауға ұқсамайтынын айтқан.

Қылмыскердің бұрынғы әйелі Сесилия Нелмс арнаға берген сұхбатында С.Кэссиди өз жұмысына бұрыннан наразы болғанын айтқан. «Мен онымен 10 жыл бірге тұрдым. Одан кейін 13 жыл бойы еш байланыспағанбыз», – дейді С.Нелмс. Сондай-ақ ол бұрынғы күйеуінің өз қызметтерінде көп қызылжатынын, тіпті кейде сол үшін күйеуі оған көп көтергенін айтқан.

Атыстың салдарынан оқиға орнында 29 бен 63 жас арасындағы 8 азамат көз жұмған. Одан бөлек, жаракат алған бір адамның денсаулығы өте ауыр жағдайда деп бағаланған.

Қаза тапқан барлық азамат қылмыскердің жақын танытыны, барлығы бір жерде жұмыс істегендері белгілі. Олардың барлығы жеңіл релесті көліктерге техникалық қызмет көрсететін стансада қызмет еткен. Қала басшысы Сэм Линкардо өз мәлімдемесінде «Олар пандемия кезінде де қауіпке қарамастан тынбай еңбек еткен («маңызды қызметкерлер», – деген. Қаза тапқандардың аты-жөні жарияланбағанымен, мэр Линкардо қаза тапқан үш азаматтың отбасына көңіл айтқан.

Одан бөлек, бұл қанды оқиғаны шиеленістіріп тұрған тағы бір жәйт – қылмыскердің үйінің өртенуі. Өрт сөндіру бөлімінің хабарлауынша үйдегі өрт туралы хабарлама оларға таңғы 6.36-да келген. Өрт сөндіру қызметкерлері тілсіз жаумен бір сағаттан астам уақыт күрескен, дегенмен үйді өрттен құтқара алмады. Абырой болғанда, өртке орған үйдің ішінде адамдар болмаған.

Ал атыс болған стансада ФБР мен қарау қарсы бюро оқиғаның мән-жайын анықтауға көмектесіп жатыр. ФБР-ға жауап беретін агент Крейг Фэйр «ФБР дәлелдер жинау мен қайта қалпына келтіруге көмектесуде. Агенттік баллистика, сот экспертизасына арналған техникалық құралдар мен «үлкен қылмыстық орында» анализ жасауға арнайы мамандарды жасақтады», – дейді өз сөзінде.

Қаруға қарсы агенттік оқиға орнында жарылғыш заттарды іздеу үшін 5 арнайы итпен жұмыс істеді. «Одан бөлек, агенттік зерттеу жүргізуде қару қолданғанын дәлелдеу мақсатында арнайы құрал-жабдықтармен қамтып жатыр», – дейді агенттіктің жауапты маманы Джошуа Джексон.

Жалпы мұндай қарулы шабуылдар соңғы кезде әлемде көп белең алды. Аталған оқиға да назардан тыс қалмай, әлемдік басылым беттерін орып тапты. Арна тілшісі де өз мақаласында оқиға орнынан барынша тың ақпарат жинап, оқиға желісін жіктеп жазған. Ондағы мақсат – оқиға себебін анықтау және алдын алу.

ӘКІМ НАЗАРЫНДА: ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ, БАҒА, ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК САПАСЫ



САЛАҒА СЕРПІН ҚАЖЕТ

Қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Дәулет Әбдірасулов агроөнеркәсіп кешенінің дамытуының 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша қала аумағында атқарылып жатқан жұмыстар жайын атап өтті.

Оның айтуынша, қалада агроөнеркәсіп кешенінің дамытуда атқарылған жұмыстар тиісті деңгейде толыққанды жүргізілуде. Биыл «Сыбаға» бағдарламасымен 125 бас асыл тұқымды аналық және 3750 бас аналық қой сатып алу жоспарланған. Қала бойынша бүгінгі күнге дейін барлығы 599,0 тонна ет, 986,3 тонна сүт, 38,7 мың дана жұмыртқа өндірілген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсім көрсеткіші бар екендігін анықтап отыр. Агроөнеркәсіп кешенінің дамыту мақсатында қалаға қарасты Қосшыңырау, Қызылжарма ауылдық округтерімен Белкөл кентіндегі шаруа қожалықтары жұмыс істеуде.

Сала басшысының баяндамасын мұқият тыңдаған қала әкімі салаға серпін қажет басы 1-бетте

екенін атап өтіп, жұмыстың баяу жүріп жатқанын жеткізді. Межелі жұмыстарды жоспарға сай жүзеге асыруды тапсырып, қосымша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларына тұрақты түрде бақылау жүргізіп, баға тұрақтандыруға бағытталған нақты шаралар қабылдауды жүктелді.

ЖҮРГІЗУШІ МЕН КОНДУКТОР ЭТИКАНЫ БІЛЕ МЕ?

Қала аумағындағы қоғамдық көлік қызметі күн тәртібінен түспей тұрған мәселе. Аппараттық мәжілісте түйткілді мәселенің түйінді тұстары бүкпесіз баяндалды.

Өзекті мәселеге қатысты қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жоласушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев қоғамдық көліктердің жол сызбасын оңтайландыру жұмыстары қайта жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Сала басшысының сөзінше тиісті жұмыстар аяқталған жағдайда

қаланың Белкөл кентінің екінші жақ беті, Бәйтерек, Саяхат мөлтек аудандары мен қалаға қарасты ПМК-29, ПМК-66, Сабалақ, Ягодка, Пищевик саяжайларын толыққанды қоғамдық көлікпен қамту мүмкіндігі артпақ.

Шаһар басшысы қоғамдық көлік мәселесі жол сызба жұмыстарын жүргізумен шешілмейтіндігін қадап айтты. Жауапты мамандарға қоғамдық көліктердің тұрақты, уақытылы қызмет көрсетуін қамтамасыз етіп, күнделікті бақылау шараларын күшейтуді қажет деп ұғындыру керек екенін атап өтті. Сонымен қатар барлық қоғамдық көлік жүргізушілері мен кондукторларға жұмыс барысында этика сақтауды түсіндіру қажеттігін азаматтардың өтініштерін қарау кезінде тиянақтылық танытып, тұрғындарды әуре сарсанға салмауды тапсырды.

P.S. Мәжіліс соңында Ғанибек Қонысбекұлы тапсырмалардың межелі уақытта және нәтижелі орындалуын өз бақылауына алып, жеке қадағалайтындығын жеткізді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



Белкөл кентінің екінші бөлігі, Бәйтерек, Саяхат мөлтек аудандары мен қалаға қарасты ПМК-29, ПМК-66, Сабалақ, Ягодка, Пищевик саяжайларын толыққанды қоғамдық көлікпен қамту мүмкіндігі артпақ.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

КҮЗДЕ 680 ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Бейсенді күні «Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалының төрағасы, қала әкімі Ғанибек Қазантаев тұрғындарды қабылдап, жеке мәселелерімен танысты.

Қала тұрғындары негізінен баспана алу, коммуналдық, әлеуметтік мәселелер бойынша әкімге жүгінеді.

Өзекті мәселелерін қала әкіміне баяндаған тұрғындардың өтініш-тілегін шаһар басшысы тыңдап, әр азаматқа жеке уақыт бөлді. Сондай-ақ қабылдауда көтерілген түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға ерекше назар аударып, кез-келген сауалдың заң аясында жедел шешілуіне басымдық берді. Жауапты сала басшыларына тапсырмалар беріп, мәселенің шешілуіне және өз бақылауында болатындығын жеткізді.

Кездесудегі мәселенің көбі баспана жайы болды. Бұл мәселеде қала әкімі тұрғын үй беру тек кезек ретімен табыстатындығын айтты. Күзде сол жағалаудан 680 пәтер мұқтаж азаматтарға кезек ретімен табыстатынын атап өтті.

БАЛАЛАР ИГІЛІГІ ҮШІН

Жаз басталысымен ата-аналарды толғандыратын басты мәселе балалардың демалысын тиімді, әрі қауіпсіз өткізу. Осы орайда жазғы лагерден бөлек, ауладағы ойын алаңдары заман талабына сәйкес болуы керек. Осыны ескерген облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаты фракция мүшесі Мағжан Ералиев «Ақмешіт 2» шағын ауданында өз қаражаты есебінен жасөспірімдер мен балаларға ойын алаңын сыйға тартты.

Балаларға ойын алаңын салу мәселесі Мағжан Ералиевтің шағын қала тұрғындарымен кездесуінде, тұрғындар тарапынан ұсыныс айтылған болатын. Облыстық мәслихат депутаты тұрғындардың ұсынысын назарға ала отырып өз қаражатының есебінен ашық аспан астындағы балаларға арналған ойын алаңын салып берді.

Жас депутаттың игі істері мұнымен шектелмейді. Қызылорда қаласының «Рисмаш» шағын ауданы, Қ.Маханбетов көшесіне қарасты түйік тұрғындарына жол мәселесі қиындық тудырып келді. Депутат тұрғындардың талап-тілектерін ескеріп, түйіктығы жолға жеке қаражаты есебінен тас төсетті.

«Ақмешіт-ақпарат»

«БОЛАШАҚ» БИІКТІ БАҒЫНДЫРДЫ

Жақында Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің жетістіктері қатары тағы да толықты. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) өткізген жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингісінің 2021 жылғы қорытындысы бойынша Қазақстандағы ең үздік ЖОО анықталды. Қорытынды бойынша «Болашақ» университеті Қазақстан Республикасының бас рейтингінде үздік 20 оқу орны қатарына енді.

Үздіктерді анықтау барысында адами ресурстарды дамыту деңгейі, жоғары білім берудегі шет мемлекеттермен байланыс, ғылыми-зерттеулерді дамыту деңгейі, еңбек нарығындағы түлектерге деген сұраныс пен олардың жұмысқа орналасу көрсеткіші сияқты индикаторлар басты назарға алынған.

Бүгінде «Болашақ» университеті қабырғасында 5000 студент білім алады. Мұнда «Білім беру және педагогика» жоғары мектебінде білім беру қызметі 19 бакалавриат пен 8 магистратура бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Одан бөлек «Бизнес, техника және технология» жоғары мектебінде 22 мамандықта бакалавр және 2 мамандықта магистрлар оқытады. 2019 жылы білім ордасы материалдық-техникалық базасын жақсылап, зәулім ғимаратқа көшті. 14 қабаттан тұратын университет заманауи технологиялармен жабдықталған. Студенттерге арналған 400 орындық жатақханасы, спорттық сауықтыру кешені, атриум залы мен жылжымай бар.

– 1100 орындық «Болашақ холл» кампустық ғимараттарын салу жоспарла бар. Жоспар аясында оқытушы-профессорлар үйі, дендропарк, медициналық орталық, жағалаудағы ашық аспан астындағы атриум, кинотеатр, бизнес инкубаторды жүзеге

асыру мен білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған технопарк, университет жанындағы зияткерлік мектеп, жастар кешенін салу жоспарға енген, – дейді университет ректоры Қуаныш Қойшығұлұлы.

Сонымен қатар студенттердің білім деңгейін арттыру және университетте қосымша білім беруді жетілдіру үшін шетелдік және отандық жоғары оқу орындарымен келісім-шарт арқылы білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 16 студент Шыңжаң педагогикалық институтында (Қытай), 17 магистрант пен 2 оқытушы Астрахань мемлекеттік университетінде (Ресей) болып келсе, ішкі академиялық ұтқырлық бойынша 10 студент пен 4 магистрант оқып келген.

Университетте білім алушылармен тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында бірнеше

ұйым ашылған. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, рухани болмысын қалыптастыру мақсатында университет мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, өнер тарландары мен елге айрықша еңбегі сіңген мамандық иелерімен кездесу кештерін ұйымдастыруда «Мәртебелі мейман» жобасы дәстүрлі түрде жүзеге асырылады.

Қысқасы, «Болашақ» университеті студенттердің сапалы білім алуы мен оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында барлық жағдай жасауда. Бүгінде бұл жоғары оқу орнын тәмамдаған маман иелері өз салаларында биік белестен көрініп те жүр. Мұның барлығы университет ұстаздары мен басшылығының еңбегі екені сөзсіз. Міне, осы тынымсыз тірлік те өз нәтижесін беріп, «Болашақ» биік белесті бағындырды.

А.НҰРАЗҒАЛИ

Өрт пен су қай кезде де тілсіз жау. Оның адамзатқа тигізген зияны орасан. Сақтансаң сақтайды деп бекер айтылмаса керек-ті. Кейінгі уақытта жасөспірімдердің суға кету жағдайы жиі орын алып жатыр. Сонымен қатар үй-жайлардағы өрттің де жиі болып тұратыны анықталған. Мәселенің мән жайын қала әкімі Ғанибек Қазантаевтың төрағалығымен өткен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның кезекті отырысында жан жақты айтылды.

СУ ТІРШІЛІК КӨЗІ, БІРАҚ...

70 ӨРТ ОҚИҒАСЫ ТІРКЕЛГЕН

Комиссия отырысында екі мәселе кеңінен қаралды. Біріншісі өрттің қауіпті кезеңіне дайындық шаралары және жаз мезгілінде су айдындарындағы қауіпсіздік шараларының сақталуы туралы.

Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Түйменовтің хабарлауынша, биылғы жылдың бес айында қала аумағында 70 өрт оқиғасы орын алған. Өрт оқиғаларына 67 тұлға кінәлі деп танылып әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Құзырлы органдармен бірлесіп қала бойынша 8 рейдтік шаралар жүргізілген. Жыл басынан бері орман қорында 12 гектарды құрайтын 1 өрт оқиғасы тіркелген. Өрт оқиғасы көбіне электр жабдықтарынан және тұрмыстық газ құрылғыларын дұрыс пайдаланбаудан болатыны анықталған.

Шаһар басшысы бұл мәселеде өрттен қаза болғандар мен жаракат алғандардың саны артқандығын атап өтіп, оқыс оқиғаның алдын алу бағытында профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, бақылауға алу керектігін тиісті мекеме басшылығына қадап тапсырды.



ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...

Комиссия отырысында қаралған келесі мәселеде – су айдындарындағы қауіпсіздік жайы кеңінен талқыланды. Расыменде қазіргі таңда күннің күрт ысуына байланысты суға шомылу жиілеп, қайғылы жағдай да жиі орын алады. Бұл өзекті мәселе қауіпсіздік шараларын ширата түсу қажет екендігін көрсетіп отыр.

Тақырып төңірегінде қалалық білім бөлімінің басшысы Динара Баймұрзаева хабарлама

P.S. Комиссия отырысының қорытындысында қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлы орын алған оқыс оқиғалар түсіндірме жұмыстарының жеткіліксіздігінен екенін ерекше атап өтті. Сондай-ақ жауаптыларға суға шомылу маусымында көпшілік демалатын орындарда қоғамдық қауіпсіздікті сақтау шараларын күшейтуді, шомылуға тыйым салынғандығы жөніндегі ескерту таяқшаларын қайта жаңартуды жүктелді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

КЕРМЕК КҮН



Ел тарихындағы ақтаңдақ атанып кеткен 31 мамыр саяси қуғын – сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Осы қолдан жасалған ашаршылық салдарынан миллиондаған қандасымыз құрбан болып, жазықсыздар жапа шекті. Асылды, атылды. Ата қоныстан аластатылды. Бұл кешегі күннің құрқы. Жалпы, осы жылдары нәубетке ұрынбаған, тауқымет тартпаған қазақ кемде-кем. Егер осындай орны толмас қасірет болмағанда халық саны бұдан да көп болуы ақтимал еді деген көңілде өкініш тұрады.

– Менің әкем соғыста болған. Анамызды басқа туысқандарымен бірге мұздай темір вогонға тиіп, ұзақ жол жүріп, қазақстанға әкелді. Халықты қынадай қырған қасіретті жылдар көз алдыма сақталып қалды. Бұл адам баласының көкірегін қарса айырып, бір сәт күрсінетін күні. Азаттықтың ақ таңы атқан алтын дәуірде ұрпақ жадында мәңгі сақталуы тиіс. Мыңдаған жазықсыз жанның қаны мен көз жасына жуылған тәуменді тарихтың шерлі беттері. Бүгінгі ұрпақ борышы – құрбан болған азаматтар есімін ұмытпау нем ұлықтау. Тарих пен ұлттық дәстүр халықтың өткені мен бүгінгі және келешегін жалғайтын туғынама. Сондықтан алдымызда тарихи естелерге феноменін сақтау міндеті тұр. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақ даласында миллионға жуық отандасымыз туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды. Қоғамның тұтастығы қай кезде де ішкі татулық пен

бөреке бастауы. Бүгінде кастерлі қазақ топырағы бейбітшіліктің қара шаңырағына айналды. Қиындық атаулының жегетін бір күш ол – бірлік. Ел басына күн туған алмағайып заманда халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі. Бір күлшені бөліп жеген барша ұлыс өкілдері дархан көңілді қазақ жұртына ризашылық сезімін білдіреді, –

дейді Рая Алхазова есімді әзиз ана өткен күндерін тебіреніспен толғанып. Расымен де, кеңестік қызыл империя қазақтай алып бөйтеректің дінгегіне балта шапты. Атылғандардың дені ісі қазақтың бетке ұстар, қош бастаушы ағартушы, ұлт көсемдері болатын. Алаштың арда туған сандақтары еді. Тар жол тайғақ кешу жылдары аттын жалында, түйенің

қомында жүріп те, ұлтының қамын ойлаған оғандар мұз жастанып, қар жамылды. Осылайша ұлы террорлық әрекет алаш азаматтарын орға жығып, құздан итерді. Елім деп елжіреп жұрттың жұмылған жауһарларымыз суық қарудың көзіне ілінді. Қолда бар қазыналарымыздан жүрдай етті. Төрт түлігімізді тартып алып, астығымыздан айырып, аштықты қолдан жасады. Миллионнан астам адам Қазақстанға жер аударылды. Осылайша көпзатты елге айналдық. Олардың барлығын отандастарымыз күшпен жая қарсы алды. Содан бергі уақытта бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, татулық тұғырынан табылудамыз. Жер дүниені дүр сілкіндірген осы тарихи сәт арада қасырларға жуық уақыт өтсе де жыл күнтізбесінде өз сырын ішіне бүгіп, қала береді. Оған қуә еліміздің дархан даласы мен биік таулары, өзен-көктер, күмшөктер, тарихи ескерткіштер, мазарлар, қираған ежелгі қалалардың орны. Біз бүгін басып жүрген топыраққа ата-бабамыздың қаны тамған.

Иә, қазақ халқы сонау «Ақтабан шүбырынды, алқакөл сұлама» заманынан, «репрессия» жылдарына дейінгі аралықта адам айтса нанғысыз жағдайларды көзбен көріп, басынан өткерді. Шүкір. Бүгінде заман тыныш, бесік құтты, Қызыл қанға боялған топырақтан қып-қызыл қызғалдақтар өсіп шықты. Өткенге тағзым, бүгінге парыз. Ешкім де ұмытпайды, ешнәрсесі ұмыт қалмайды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



ӨЗГЕНІҢ ӨНІМІ ТӘТТІ НЕМЕСЕ КҮБІДЕ ҚАЛҒАН ҚЫМЫЗ

«Ал, ішіндер, Бұл – қымыз. Бұл қымыздың арғы атасын сұрасаң, Құлаша қулық бие сүті еді, Томсарған ер қазақтың асы еді. Бұл қымызды кім ішсін? Бұл қымызды Айлы күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын қу найзадай таянған, Томсарған ер қазақтың өзі ішсін», – деп жырлаған екен Мағжан ақын.

Қазақ десе қымыз атауы да қосарлана жүретін ұлттық сусын өндірісі бүгінде қай дегенге? Талай тарихи жазбаларда, өлең-жырға арқау болып жүрген біреу әлемге танылған қымыз жылы жаһандану заманында ұлттың брэндіне айнала алды ма? Ұлттық сусынның қалдырып қалғаны жасырын емес. Тіпті бұл сусындарға сұраныстың арқасына сонша, «екінші нанға» айналды десек, артық айтқандық емес. Шыны керек, ұлттық сусынның қасиетін кешегі пандемия кезеңі сезіндірді. Дертінде шипа іздегеннің бәрі қымыз, шұбат іздеп сабылып кеткені рас. Статистикаға сүйенбей-ақ, өткен жылғы жағдайды сараптай келіп, қымыз, шұбатпен өзге түгілі өзімізді түгел қамтамасыз ете алмайтынымыз байқалды.

Қымыздың пайдасын түсініп, дәмін біліп алған көпшіліктің бүгінде ұлттық сусынға сұранысы артқандық. Енді дүкенге барса тәтті сусындармен бірге қымызды да ала кеткісі келіп тұрған. Ендігі мәселе – ұлттық сусындардың уақыт көшіне ілесе алмай, күбінде қалып

қойғандығы. Күбідегі сусынның сапасына да, дәміне де еш күмән жоқ. Алайда уақыт талабына сай ағарғанды дүкенге күбімен әкеле алмайтынымыз бесенеден белгілі. Біз күбідегі қымыздың дайындалуын айтып мақтанып жүргенде өзгелердің уақыт үніне жауап беріп, алдымызға түсіп кеткенін де байқамай да қалыппыз. «Facebook» әлеуметтік желісінен облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірмұхаммед Сыздықовтың мына жазбасы ойға-ой қосты. Ол өзінің жазбасында ел экономикасында экспорт деңгейі төмендеп, керісінше импорт деңгейінің өскенін айта келіп, ел нарығын жаулап алған Ресейден бізге келіп жатқан бөтелкедегі қымыздың суретін қоса жариялапты. Қымыздың жылқының, жылқы малының өнімдерін өндіретін бірден-бір Отаны бола отырып, көрші Ресейден келетін қымызға сұраныс артып отыр. Алып, ішіп көріңіз, бал татида. Осыны өзімізден неге шығармасқа? Қымызды шыны құтыда өндірем деген инвесторлар болса, хабарласыңыздар, сүйемелеуге әзірміз!» деп жазады. Көпшіліктің пікір алмасу алаңына айналған әлеуметтік желідегі жазылған пікірлерге зер салсақ, қалықтардың көпшілігі дәл осы қымызды алады екен. Тіпті, дүкенге келген бойда сөреден көп тұрмайтын, сұраныс не екенін де білдік. Жарты литрі – 700 теңге тұратын башқұрт қымызының құпиясы дәмімен қоса ыдысында екені сөзсіз. Өйтпесе, қымыз дайындаудың өдісін қазақтан артық білген кім бар? Бір айыбы – күбінде қалып қойғаны.

Күбідегі қымыз бөтелкеге құйылып, әлем нарығын қашан жаулар екен?

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ: ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ЖАНАШЫРЛАРЫ

Кешегі тарихымыздан біздерге жеткен айғақты ақиқат XX ғасырдың бірінші жартысындағы зобалан жылдар қазақ даласын жайлаған ашаршылық, жұмдастыру, қуғын-сүргін Қазақстан тарихының қасіретті беттерін бірі. Ұзақ уақытқа дейінгі кеңестік жүйенің жаппай қуғын-сүргін құрбандары негізінен Ұлт болашағының жанажашырлары болған.

Осы тақырыпқа негіз болған Алаштың арда азаматтары, Сыр перзенттері Темірбек Жүргенов, Мұстафа Шоқай, Бекбайлар Аралбаев, Сұлеймен Есқарбаев, Темір Камалов, Әбу Құлабаев, Ибадулла Нұрмұхамедов туралы Қызылорда облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивіндегі құпиялылығы алынған құжаттардағы айтқандарға тоқталсақ.

Темірбек Жүргенов ірі мемлекет қайраткері ретінде Қазақстанның XX ғасырдағы 20-30 жылдарындағы мәдениеті мен қоғамдық-саяси тарихында лайықты орын алған, қазақ руханиятының жарық жұлдызы. Сыр бойындағы дәулетті кісі Қараның отбасында 1898 жылы дүниеге келген қара баланың данық жер жарып, алар асуы алда еді. 1923-1927 жылдары Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетінде оқыды.

1929-1930 жылдары Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары, 1930-1933 жылдары Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары, 1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметін атқарды. Біздің қолымыздағы ҚР Орталық мемлекеттік архивінен алынған Т. Жүргеновтің №11029 айыптау ісіне назар аударсақ 2 тамыз 1937 жылы «халық жауы» деген жазамен қамалған. Осы күнгі №416 ордермен тінту жұмысы жүргізіліп парбешеті, төлқұжаты, Орталық атқару комитетінің мүшелік билеті, барлық марапат куәліктері, орден, медаль, төсбелгілер, мандаттық куәліктері, еңбектері, кітаптары тәркіленген.

Тергеу хаттамасында «Сіз контрреволюциялық ұлттық ұйымның мүшесі ретінде қамауға алындыңыз осыны мойындайсыз ба, дегенде мен өзім қиялдан деп есептемеімін ешқандай ұйымға мүше емеспін және ол туралы ешнәрсен білмеймін деп жауап берген». Қолдан жасалған заңсыз тергеу істері аяқталмай-ақ КСРО әскери сотының 25 ақпан 1938 жылы үкімімен ату жаазына кесілді. Ату жаазының орындалғаны туралы анықтама НКВД-нің 1-арнайы бөлімінде сақталған. 24 сәуір 1958 жылы КСРО Жоғарғы сотының Әскери сот алқасы шешімімен тағылан айыптаулар негізсіз деп ақталды.

Алаш қозғалысының және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай 1890 жылы Ақмешіт уезі, Сырдария ауданы, Әулие торағын (құжатта жердің аты осылай аталады) деген жерде дүниеге келген. 1899-1902 жылы Перовскіде училищені, 1902-1910 жылы Ташкент ерлер гимназиясында оқыды. 1910 жылы Санкт Петербург императорлық университетінің заң факультетіне түсіп 1914 жылы бітірді. М. Шоқай 1914 жылдан бастап ұлт мүддесі үшін күреске түсті. 1914 жылы Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының хатшысы болды. 1917 жылы қараша айында М.

Шоқайдың басшылығымен Түркістан ұлттық орталығы Қокан қаласында құрылтай өткізіп Түркістан Автономиясы жарияланды. Осы автономияның Уақытша Кеңесінің және Уақытша үкіметінің мүшесі, Сыртқы істер министрі болған М. Шоқай 1918 жылдың басында Үкімет басышы болып сайланды. Алайда Түркістан Автономиясы 1918 жылы таратылып М. Шоқай елден кетуге мәжбүр болды. Грузия, Түркия, Франция, Германия елдерінде эмигранттыққа жүріп Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық саяси өмірін тергеуіп, мол ғылыми еңбектер қалдырды. Оның ішінде ерекше «Ян Түркістан» журналындағы жарияланған еңбектерін атауға болады. Кеңестік жезінің күшіне мініп тұрған тұсында түркі тілде елдердің тәуелсіздігі жайында сөз қозғап, журнал бетінде макалаларын ашық жариялайтын жалғыз басылым болды. М. Шоқай журналында басылатын материалдардың шындығына толық сәйкестігіне, мазмұны мен идеялық бағытына басты назар аударды. «Ян Түркістанда» жарияланған макалалар әлі күнге дейін маңыздылығын қанды. Ұлттық мүддеге қызмет етуді ұлы мұрат тұтқан қайраткер 1941 жылы қайтыс болды.

Қоғам қайраткері Бекбайлар Аралбаев Жантөреұлы 1896 жылы Жаңақорған болысында дүниеге келді. Жаңақорғандағы орыс-қазақ мектебінде, Ақмешітте 4 кластық қалалық училищеніде оқыды. 1920-1922 жылы Сырдария облыстық атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, төрағасы, 1924 жылы Түркістан республикалық орталық атқару комитетінің төрағасы және осы жылы Жоғарғы Сот төрағасы болды. 1925 жылы Қазақ АКСР орталық атқару комитетінің хатшысы болып сайланды. 29 наурыз 1934 жылы ОГПУ-дың қаулысымен қамауға алынған. Қазақ КСР Жоғарғы сот алқасы шешімімен 17 тамыз 1957 жылы айыптау дәлелдерінің жеткіліксіздігіне байланысты қылмыстық іс тоқтатылып ақталды.

Сұлеймен Есқарбаев мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш прокуроры. 1886 жылы Қазалы уезінде дүниеге келген. 1919-1920 жылдары Ташкентте партия курсын бітіріп түрлі партия орындарында қызмет атқарды. 1923 жылы Қазалы уездік-қалалық атқару комитетінің төрағасы, 1925-1928 жылдары Қазақ АССР Ішкі істер халық комиссары, 1930-1937 жылдары Заң халқымы және республика прокуроры қызметтерін атқарған. 1938 жылы «халық жауы» деген жазамен қамауға алынып, 1956 жылы ақталды. Камалов Темір қоғам қайраткері 1898 жылы Теренөзек ауданы, Қараөзек ауылында дүниеге келді. Перовскідегі түземдік мектепті, Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірді. 1919-1928 жылдары Перовск уездік және қалалық партия органдарында, 1928-1937 жылдары Ташкент, Ақтөбе, Шымкент, Павлодар облыстарында жауапты қызметтер атқарды.

Орталық Халық шаруашылығы Кеңестер комиссиясының төрағасы, Қазақстан астық және мал шаруашылығы өнімдерін дайындау Одағының басышы болды. 1937 жылы Қостанай облысының партия қызметінде жүргенде жазықсыз жазамен тұтқындалып 28 ақпанда 1938 жылы атылды. 1958 жылы 03 сәуірде

КСРО Жоғарғы Әскери сот алқасы шешімімен ақталды. Құлабаев Әбу мемлекет және қоғам қайраткері. 1899 жылы Перовск уезінде дүниеге келді. Орыс түземдік мектебін, Ташкент семинариясында оқыды. 1929 жылы Москвадағы М.Я. Свердлов атындағы Шығыс коммунистік университетіне түсіп 1931 жылы бітірді. 1918 жылы болыстық атқарушы хатшысы, 1919 жылы Перовск уездік партиякомның тілші хатшысы, 1922-1923 жылдары 1923 жылы Ақмешіт уездік атқарушының бірінші хатшысы және Өзбекстан, Қарақалпақстанда жауапты қызметтер атқарды. 1938 жылы «Алаш-Орда» ұйымының мүшесі, бірнеше жыл осы ұйымның жетекшілерімен тығыз байланыста болып Кеңес Одағына қарсы әрекеттер жасады, деген жазамен тұрғындылық ату жаазына кесілді. 1958 жылы 14 шілдедегі КСРО Жоғарғы Соты алқасының ұйғарымымен ақталып, 1918 жылдан партия мүшесі деп танылды. Нұрмұхамедов Ибадулла Москвабайұлы – қоғам қайраткері. 1901 жылы Теренөзек ауданында дүниеге келген. 1919 жылдан партия мүшесі. 1913-1915 жылдары орыс-түзем мектебінде оқыған. 1919-1920 жылы уездік жер бөлімінде инспектор болып істейді. Осы жылы Москвадағы М.Я. Свердлов атындағы Шығыс коммунистік университетінің 6 айлық курсы бітірді. Кейін 1921-1927 жылы Ташкентте, Түркістанда, Омұдария және Орал облыстарында жауапты қызметтер атқарды. 1927 жылы Қарақайып аудандық партия комитетінде жауапты хатшысы болды. 1929 жылы Қазақ халық ағарту институтының директоры болып тағайындалды. 1929-1931 жылы Москвадағы Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясында білім алды. РСФСР қылмыстық Кодексінің 58 бабымен қамауға алынып айыптау дәлелдерінің болмауына іс тоқтатылып ақталды. (құжатқа қамауға алынғаны, ақталғаны туралы жылы көрсетілмеген)

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына тағылан айып, тергеу әдістері де берілген жауаптар да, тіпті ақтау құжаттары да біріне-бірі ұқсас. Бұның бәрі сол кездегі жалғыз билеуші партияның 1936 жылы желтоқсан айында өткен пленумындағы «халық жаулардың» ішкерілеуі, оларды «түп-тамырымен құрту» туралы мәселені қаруынан басталған.

Репрессия құрбандары болған алаш азаматтарының барлығы да Ұлт жанажашырлары еді. Өткен ұрпақтың басынан кешірген нәубеттері, қиыншылықтары, кейінгі ұрпаққа тәрбие болуы керек. Елбасы Н.Назарбаевтың арнайы Жарлығымен 1997 жыл «Жалпұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы ретінде жарияланып, 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып белгіленді. Содан бері еліміздің тарихындағы көптеген тұстарына ерекше назар аударылып келеді. Өйткені, бұл қазақ халқының намысын қорғап, жоғын жоқтаған ұлт зиялыларының тарихы.

Архив қорындағы түсі сарғайса да мағынасын ұрт ұлт болғаны үшін жазықсыз жазаланғандар туралы мәліметтерге жаңаша көзқараспен қарап, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке және рухы биік азамат етіп тәрбиелеуде, өз тарихын терен танауға септігін тигізеті бар.

А.УАҚБАЕВА «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының І санатты архивісі

ӘСКЕРДЕН НЕГЕ ҚАШТЫҢ, БАЛА БАТЫР?

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

– Кейінгі кездері әскери салада қолға алынып жатқан жұмыстар мен қабылданып жатқан заңдар жеткілікті. Соның ішінде мектеп қабырғасында оқытылатын алғашқы әскери дайындық пәнінің берер пайдасы орасан. Өйткені әрбір бала болашақта елінің арқасүйер азаматы екенін ұғынып, ұлтына қамқор болуды өзіне міндет тұтады. Қазақ сарбазы деген атқа лайықты қара нардай жігіттер жасық болмауы мектеп жасында берілген тәрбиемен тығыз байланысты. Нәтижесінде әскерге шақырылғанда техникалық білімі бар, тепсе темір үзетін денсаулығы жарамды психологиялық жағынан дайын болып тұрады. Балалардың бойына адамгершілік дәннн сеуіп, рухы мықты етіп тәрбиелеп елін қорғауға жаралғанын кішкентайынан құлағына құйып өсіру қажет. Күйбен тіршілікпен жүрген ата-ана кейде балаларының тамақ режимін дұрыс сақтауына, бос уақытында немен айналысып жүргеніне мән беруді естен шығарып жатады. Мұның соңы баланың тәрбиесіне, денсаулығына кері әсерін тигізіп жататын жағдайлар. Мектеп қабырғасындағы алғашқы әскери дайындық пәнінің оқыту жүйесі бүгінде бір қалыпқа



түсті. Жастардың жауынгерлік әзірлігі негізінен осы кезеңнен бастау алады. Болашақ Отан қорғаушылардың қарым-қабілеті алғашқы әскери дайындық барысында дұрыс қалыптасуы ерекше ескеріледі. Қаладағы №264 мектеп-лицейдің әскери дайындық пәнін ұйымдастырушымен түрлі тараптан қарастырылуы мүмкін. Балаларда әскери спорттық шаралар өткізіліп тұрады. Сабақ барысында оқушылар түрлі әскери әдістерді, қару қолдануды, тактикалық тәсілдерді үйренеді. Төтенше оқиға кезінде өзін-өзі ұстау, жараланған серіктесіне алғашқы медициналық көмек көрсетуді де меңгеріп шығады. Қазақстан Қарулы Күштердің құрылымымен және әскери жарғылармен де бастан-аяқ танысады. «Калашников» автоматтың макегі арқылы балалар қаруды қалай құрастыру керектігін де үйренеді. Біз ең бастысы болашақ сарбазды сайыпқырандылыққа, дер кезінде шешім қабылдай

алатын алғырлыққа баулимыз. Мектеп жасындағы өскелең жастардың әскерге баруға деген қызығушылығы зор. Жақында оқушыларым медициналық тексеруден өтті. Бәрі де шымыр болып шықты. Әскери өмір – теңірдей тәртіпті ғана емес, отансүйгіштікті де қажет ететін орта. Ел басына күн туғанда қолға қару алып, елін-жерін қорғайтын азаматтар осындай патриот ұлдардан шығады. Еңдесе жігіттеріміз жігерлі, намысы биік, отанышыл сезімі жоғары азаматтар болуына тілектістік білдіріп, сенім артамын, – дейді Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Бекболат Жекенов бізбен әңгімесінде.

ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМ ОТБАСЫНДА СІҢЕДІ

Тақырып төңірегінде қоғам қайраткері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Сәпен Ансатовтың да пікірін білген болатымыз. Еңбек ардагерінің айтуынша, жастардың рухани әлсіз болуы отбасындағы тәрбиенің әлсіздігінен. Отансүйгіштік сезім ол қарапайымдылықтан бастау алады. – Әскерге бару ұлтына қамқорлық көрсетіп, азаматтық борышын өтеу ерлік деп танымын. Ал Отанды қорғаудан қашақтау – қорқақтық. Ондай адамға үміт артып, сенім білдірудің өзі артық. Қазақлықтың қаймағы бұ-



зылмаған Сыр өңірінде әскерге барғысы келмейтін жастардың қатары көбейіп кетті дегенін өзі ұят жағдай. Біз жаужүрек бауырлардың ұрпағы емеспіз бе? Оларға Отан керек емес болса, Отанға олардың не кереті бар? Бұл бозбалалардың бөбелбеулігін білдіреді. Біздің жас кезімізде әскерге бармау ұят саналатын. Ал бүгінгі жастардың түсінігі басқаша. Көрші қалаға барып, бір жыл Отан алындағы борышын өтеуді қиынсынатындарын түсінбеймін. Кеңес заманы тұсында атын естіп көрмеген бөгде мемлекетке де барып 2-3 жылдан әскер қатарында болып келген әкелерінен үлгі алсын. «Ер жігіттен не пайда, қолына қару алмаса, елін, жарын, туғанын дұшпаннан сақтап қалмаса» деген байырғы бабаларымыз. Біздің заманымыз тыныш, бейбітшілікте өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан

қолға қару алып, ерлік жасау шарт емес. Ал әскерге бару – әрқайсымыздың Отан алдындағы ортақ парызымыз. Бір жылдың ішінде әскери тәртіпке төселеді. Күн сайын намертең сағат 6-да ұйқыдан тұрып, дене шынықтырумен айналысады. Спорт дегеніміз – әскер өмірінің ажырамас бөлігі. Қатардағы жауынгер таңғы жаттығудан өзге саптық дайындық және басқа да тапсырмаларды орындайды. Әрине, әскери саланың жүгі ауыр, жауапкершілігі мол. Әскери-патриоттық тақырыптағы ұрандар ұлттың сүйетін ұл өсіруге ықпал етпей алмайды. Жігерлік азаматтың бойында туа бітті қалыптасып, өсе келе жетілетін рухтантып шырағы, – дейді ардагер өз сөзінде.

БҮЙРЫҚ ТАЛҚЫЛАНБАЙДЫ

– Қай дәуірде болмасын, Отан қорғау әр азаматтың қасиетті борышы. Облыста 2018 жылдан бері «Жас Сарбаз» әскери патриоттық клубы жұмыс жасайды. Мектеп оқушыларына отансүйгіштік тәрбие беріп, түрлі шараларды өткізуге ұйытқы болып келеді. «Мен әскердемін» чөлденжіл қола алдық. Бейне үндеу арқылы сарбаздар туған жерін, Отан алдындағы әскери борышын өтеп жатқан бөлімі туралы баяндайды. Жастарды әскерге шақырады. Сондай-ақ әскери техникалық



мектептен сарбаздардың жаттығуын түсірді. Оқу орындарында «Ерлік» сабақтары ұйымдастырылуда. Сонымен қатар мереке күндері әскери қызметшілердің балаларының қатысуымен «Менің атам ка-

лай әскери борышын өтеді?» тақырыбында сурет салудан байқау болып өтті. Мұның барлығы жас жеткіншектерді әскерге баруға үндеді. Дәрістер жиі оқытылуы керек. Бұл олардың сана-сезімі мен пайымына оң әсер етеді. Әрине, әскерге шақырту алғандардың көбі үйіне жақын маңдағы әскери бөлімде болғысы келеді. Ата-анасынан алысқа ұзап көрмеген бозбалалар шалғайға баруды қаламайды. Бірақ әскери тәртіп орындалуы тиіс. Бұйрық талқыланды. Қайда жіберсе сонда барып, әскери борышты өтеу шарт. Аймақ бөлек бөлек болғанымен, Отан ортақ, – дейді «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының облыстық филиалының жетекшісі Айдос Қожамұратов.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Иә, жалпақ тілмен айтқанда әскери өмір тез оялануға және онтайлы сәттерде дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Ол адам өмірінде отбасылық сәттерде аса қажет. Қазір барлық әскери бөлімдер бейнекамералармен қамтамасыз етілген. Сондықтан сарбаз саулығы мен құқығы барынша қорғалған деуге негіз бар. Сондай-ақ бүгінде елімізде азаматтардың әскери борышын өтеуге барлық жағдай жасалған. Азаматтық борышын өтеп келген кейбір отандастарымыз қайтадан әскери қызметке келісім-шарт бойынша еңбек етуге алынып жатыр. Олар әскери өмірдің ыстық-суығына көніп, құрыштай шыңдалған нағыз ерлер. Ал әскер рәсімінде анау айтқандай қиын болса онда ешкімде бармасы белгілі ғой. Бұдан шығар нәтиже үйде отырып одан-бұдан қорқақтап Отанын қорғаудан қашақтағаннан бойынды тік көтеріп барып, ерге тән елін қорғап қайтқан абзалырақ. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – «Отанды сую имманан». Отан – ол отбасың. Жазылған жайдан ой тую әркімнің өз еншісінде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

БІЛІМ

Биылғы оқу жылы да аяқталып, түлектер мектепті тәмамдады. Енді олар 11 жылдық білімін қорытындылап, сынақ тапсырған соң өмір бойы серік болатын мамандығы бойынша білім алады. Ғұмырында адам осы таңдаудан қателеспей керек. Үлкен жауапкершілік пен тың ойды қажет ететін бұл таңдаудың маңызы жоғары. Осы орайда соңғы жылдары сұранысқа ие мамандықтар тізімін назарға ұсынуды жөн көрдік.

Сұранысы көп мамандықтар тізімінде IT сала мамандары көш бастап тұр. Технология дамыған заманда бұл мамандыққа деген қажеттілік көбеймесе азаймайтыны анық. Ақпараттық технологиялар заманында өмір сүріп жатқандықтан IT мамандарды қажет ететін компаниялар аз деуге келмейді. Жалпы жаңа заман мамандығы атанған бұл саладағы айлық көлемі жоғары деңгейде. Бірақ мұндай қызметті өз саласын тыңғылықты меңгерген, сапалы кәсіби білімі бар жандар ғана атқара алатынын естен шығармаған жөн.

Әлемдік пандемияның әсерінен медицина мамандары мен фармацевтердің қызметіне деген сұраныс артты. Күллі жаһанда ең маңызды деп саналған сала – медицина. Әсіресе, инфекционист, физзиатор, хирург-онколог мамандары аса қажет. Қазіргі таңда ақ халатты абзал жандардың жұмысын сапалы атқару үшін мемлекет те барлық жағдайды жасауда. Сонымен қатар дәрігерлерге тек қаржылық емес, қоғамдық көңіл де ерекше бөлінуде. Бұл өз кезегінде мамандық маңыздылығын ашып көрсетеді.



КЕЛЕШЕКТІҢ МАМАНДЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Менеджер – біздің елде соңғы бес жылдықта көптеп тарала бастаған мамандық катарында. Оның ішінде сауда саласындағы менеджерлерге деген сұраныс жоғары. Тағы да сол пандемияның әсерінен қазір онлайн сауда жүйесі дамыды. Бұл мамандарға алдағы уақытта жұмыс табу қиында соқпайды.

Дизайнер 2017 жылдан бері «танымал» мамандық атанып келеді. Қазіргі таңда киім, көлік, тауар мен баспа дизайнерлерінің

жасаған жұмыстары көбейді. Тұтынушы ең алдымен тауардың сыртқы көрінісіне назар аударатындықтан дизайнерлерге деген қажеттілік әзірге азая қоймайды.

Бизнес саласында маңызды саналатын маркетинг мамандар бүгінгі күні дизайнер және сауда менеджерімен қатар көш бастап келе жатқан қызмет. Олардың қызметі – адамның көңілін аударатын жарнама жасау емес. Маркетологтар біз ойлағаннан да

ақылды. Сол себептен бұл сала мамандарына жоғары білім алып, өз-өзін дамытып отыруды қажет етеді. Маркетологтың қызметі – тауарды өткізе білу.

Педагог – қашанда жоғары сұранысқа ие мамандық. Дегенмен білім беру саласы бүгін үлкен өзгерістерге ұшырады. Енді мұғалімдер тек білімді ғана емес, компьютер мен интернет желісін жетік меңгерген болуы талап етіледі. Одан бөлек, арнайы білімі болмаса да тренинг-семинар жүргізетіндер де бар. Олардың басты мақсаты – қоғамға пайдасын тигізу.

Пандемиядан кейінгі дағдарыс қоғамның психологиясы мен өз-өзін сезінуіне үлкен әсер етті. Сондықтан адамдар арасында психологтарға жүгінетіндер артты. Адам бойындағы сенімсіздік пен қорқыныштың алдын алатын – психолог. Дегенмен бұл салада бастысы – қызметтік тәжірибе. Сол себептен теориялық білімді меңгеріп, 1 жылдан астам уақыт тынымсыз еңбек қажет.

Жалпы мамандықты таңдамас бұрын ең алдымен жүрек қалауына жол беру керек. Себебі сіз таңдаған жұмыс тек табыс көзін ғана емес, қызығушылық пен шабыт сыйлауы керек. Қай мамандықты таңдасаңыз да, өз қызметін сапалы орындайтын маман үлкен сұранысқа ие болатынын естен шығармаған жөн. Ал егер сіздің жүрек қалауыңыздағы мамандық үздік мамандықтар қатарында болса тіптен жақсы.

А.БІРКЕНОВ

СПОРТ



Мамырдың 23-інші жұлдызында ТОП-5 лигалардың соңғы ойындары аяқталған болатын. Биылғы чемпионаттар интригаға толы қызықты өтті. Клубтар чемпиондық кубокты лига аяқталғанға дейін бөліске сала алмай жүрді. Тиісінше өз чемпионатында жылда атой салатын клубтар өз межесінен сүрінбеді. Жаңа лига чемпиондарын да көрдік. Сенсация жасаған командаларды да байқадық. Көптен бері мақсат қылып жүріп, жеңіске жетіп, титулға қол жеткізген клубтардың қуанышын да сезіне алдық. Рекордтарын еселеп, өзін танытқан футболшылардың ойынына да ризамыз. Бавария шабуылшысы Роберт Левандовский Бундеслигада 41 гол соғып, аңыз ойыншы Герд Мюллердің рекордын жаңартты. Криштиану Роналду Пеленің ресми ойындарда соққан добынан асып түсті. Роналдудың тап қазіргі коржынында 777 гол. Тағы айтарымыз Чемпиондар лигасы мен

Еуропа лигасынан бөлек жаңа лига шымдылығын түргелі отыр. Бұл – Конфедерация кубогы. Аталған лиганың да маңызы орасан зор. Өз чемпионатында 7 орынға иелік еткен клубтар дәл осы лигада өзара мықтыны анықтайды.

Лига кубогы маңыздылығы жағынан Чемпиондар лигасы мен Еуропа лигасынан кейінгі үшінші кубок ретінде сарапқа салынады. Айта кететін жайт, бүгін Чемпиондар лигасының қорытынды матчы болады. Финалдық бәсеке Португалияның «Порту» стадионында өтеді. Оған осы жылдың ағылшын премьер лигасының чемпионы Манчестер Сити мен Англияның үздік 4 командасына кірген Челси ойнайды. Дәл осы ойынның фавориті – Манчестер Сити. Десе де Челси клубының финалға дейінгі жүріп өткен жолын оңай деуге келмейді. Чемпиондар лигасын 13 рет жеңіп алған корольдік клуб Реал Мадридті жарыс

жолынан шығарды. Ал Манчестер Сити Францияның ең беделді клубы Париж-Сен-Жерменді жартылай финалдан өз отанына қайтарды.

Футбол жанкүйерлері сүйікті клубына мамырдың 29-нан 30-на қараған түні ойынды көріп қолдау көрсете алады. Осы ретте тағы айта кетер жағдай, өз лигасының жеңімпаздары Испанияда Атлетико Мадрид, Францияда Лилль, Германияда Бавария, Италияда Интер, Англияда Манчестер Сити чемпион атанды. Алда – Еуропа Чемпионаты. Өз елдерінің намысын қорғау үшін чемпионатқа шақырту алған ойыншылар тыңғылықты жаттығу жұмыстарын жасау үстінде. Қысқасы Еуропа Чемпионаты бізге біраз қызық сыйлайын деп тұр...

Нұрәурен ЖӘРДЕМХАН,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
II курс студенті

ЕҢ, ЕҢ, ЕҢ...

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН АРАЛ

Гренландия – әлемдегі ең үлкен арал. Оның ерекшелігі – аралдың 85 процентін мұз басып жатуында. Сондықтан да оның қазба байлықтары әлі толық зерттелмеген. Десе де Гренландияның жағалауы жаз бойы көгалданып тұрады, аралда кейбір өсімдіктер -20 С температурада да гүлдене береді. Егер де Гренландия мұзы толықтай еріген болса әлемдік теңіз деңгейі 7.4 метрге көтерілер еді.

Арал мұзы орталығынан шеттеріне қарай әрқашан қозғалауда, олар кейде тәулігіне 20 метр жылдамдықпен жылжиды. Ал Арал жағасына жеткенде биіктігі 100 метр болатын алып мұз таулар болып бөлініп мұхитқа түседі. Жыл сайын Гренландиядан 10-15 мың айсберг бөлініп шығады. Аралда күн сирек шыкса да, бір шыққанда қызуы өте жоғары. Аралдың ауаны – 2130800 шаршы шақырым. Гренландияның басым бөлігі мұзбен қапталған. Кей жерде мұз қалыңдығы 3 шақырымға дейін жетеді. Ал тұрғындарына келетін болсақ, Гренландияда 56 890 адам тұрады.

Арал тұрғындарының басым бөлігі территорияның оңтүстік-батысында өмір сүреді. Себебі аралдың осы жағалауынан Гольфстрим ағысы өтіп, ауа райын өмір сүруге қолайлы етеді. Гренландия тұрғындарының 90 проценті жергілікті эскимостар. Ал қалғаны – дат халқы мен өзге де еуропалықтар.

Эскимостар – Гренландияға аяқ басқан алғашқы адамдар. Шамамен 985 жылы алып аралға Норвегия мен Исландиядан викингтер келеді. Олар жаңа жердің мұзға оранып жатқанын көрсе



де, оны «Жасыл жер» деп атайды. Викингтер Гренландияның атына мән беріп, келушілердің саны өсуі үшін осылай атайды. «Жасыл жер» 1380 жылдан бері Данияның отары болып келеді. Ал 1979 жылы Гренландия өзін-өзі басқару құқығына ие болды.

Ақсәуле ӘБДІКЕР
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
III курс студенті

СУСЫНДАРДЫҢ ЗИЯНЫ ҚАНДАЙ?



«Gorilla», «FLASH ENERGY», «DIZZY» дәл осы атаулар көпшілігімізге таныс. Дүкендер де, үлкен супер маркеттер де, энергетик сусындардың осы түрі сұраныста.

Қазіргі жастар нәліктен энергетик сусындарға құмар? Энергетик сусындардың адам денсаулығына зияны қандай? Бұл сусындардың кесірінен ауруға шалдықса қандай ем қабылдау керек? Зардап шеккен адамдар көп пе? Энергетик сусынды ішуді қалай тоқтатсақ болады? Дәл осы сұрақтар бойынша №6 еманханы бөлім меңгерушісі Марал Есмаханованы әңгімеге тартқан едік. Дәрігер энергетик сусындарда қант пен кофеиннің көптігін, сол себепті жастар бұл сусынға құмар екенін айтты.

Бұл сусын тәбетті жақсартуы мүмкін, дегенмен адам уақытылы ұйқы режимін сақтай алмайды. Содан кейін адамның жүйке жүйесіне зиян келеді, тез ашуға бой алдырады, қоршаған ортамен байланысы жоғалады. Сусын сергек жүруге көмектескенімен, шын мәнін де ешқандай пайдасы жоқ. Құмарлық таныта беретін болса ұйқы безі бұзылуына әкеп соқтырады. Мұндай жағдайда адамның ішкі организмі мен жүйке жүйесін емдеуге жағдай жасау қажет. Қазіргі таңда энергетик сусындардың әсерінен емделуге келетін жастар саны көп. Бұрындары ұйқы безімен ауыратын адамдар болатын, – деді Марал Бөлібайқызы

Сусынның құрамында газдың көп болуы ішекті газға толтырады, ұйқы безінің қабынуы осыдан пайда болады. Асқазан ішегінің қышқылдығы да бұзылады, – дейді дәрігер.

Энергетик сусынға тәуелді, күнделікті ішіп жүрген жандарды райынан қайтару оңай емес. Сусынды ішетін жандар өз-өзіне бақылау жасау керек, немесе ата-анасы өз иелігіне алғаны жөн. Сусынға тәуелді адамға үзілді-кесілді шектеу бірден қоя алмайсың. Егер солай жасайтын болса, одан бәрін күтуге болады. Оның салдарынан жүйке жүйесі нашарлап, ауруы асқынып кетуі ғажап емес.

Н.ЖӘРДЕМХАН,
ҚҰ-дің II курс студенті



ҚЫТАЙ ДА АҚШ-ҚА ҚАРСЫ

АҚШ коронавирус зертханалары тарайды деп күдіктеніп, Ухань қаласындағы зертханада мәселенің мән-жайын анықтау үшін арнайы мамандарын жібергісі келеді. Бірақ Қытай бұл пікірді жала деп танып, түбегейлі жоққа шығарып отыр. Жалпы Байден билікке келгені ең алғаш болып осы Covid-19-дың таралу себебін анықтауға кірісті. Кейінірек вирустың таралуы зертханалық қателіктен болды деп күдіктенуі Қытайдың ашуына тигені рас. Осы орайда BBC арнасы «АҚШ-тың «Зертханадағы қателік» теориясына Қытай жауап берді» атты сараптама мақаласын жариялады.



Байден өз қызметкерлеріне вирустың қайдан тарғанын анықтау мақсатындағы жұмыс қарқынды арттыруды тапсырды. Ал өз кезегінде Қытайдың сыртқы істер министрлігі АҚШ-ты саяси жала жауып отыр деп кінәлауда. Министрлік вирустың таралуы мен зертхананың арасында ешқандай байланыс жоқ екенін айтты.

2019 жылдың аяғында таралған вирусты Қытай билігі Уханьдағы теңіз тағамдарын сататын базардан тарайды деген тұжырымды алға тартып, ауру адамдарға жануарлардан жұқты деп отыр.

Дегенмен соңғы уақытта америкалық басылмалар вирус зертханадағы қателіктің кесірінен тарайды деген тұжырым аясында жарыса мақала жазуда. Мақала авторы бұл тұжырымның неге енді ғана талқыланатын жатқанын Байденнің қызметімен байланыстырады. АҚШ Президенті билікке келген бойда вирустың таралуы туралы толық ақпаратты талап еткен. «Екі тұжырымның дәл қайсысы дұрыс екенін анықтау үшін ақпарат әлі де болса жеткіліксіз», – дейді Байден өз сөзінде.

Ол өз агенттеріне тың ақпаратқа қол жеткізу үшін жұмысты екі есе көбейтуге тапсырма бергенін айтқан болатын. Мұндай тапсырма қытайлық министрлікке ұнай қоймады.

Қытайдың сыртқы істер министрлігінің өкілі Чжао Лицзянь «Американың бұл ісі оларды келтірілген фактілер мен дәлелдемелер қызықтырмайтынын көрсетті», – дейді. Министрлік АҚШ бұл істі – саяси манипуляция мен кінә арту мақсатында қолдануда деп тұжырымдап отыр.

Одан бөлек, министрлік өкілі АҚШ-тың жалған ақпарат таратып отырған агенттігі де бар екенін жасырмады.

Қытай елінің бұл тұжырымды қанша рет жоққа шығарғанымен, әлем халқы бұл «зертханалық қателік» деген пікір әбден ойландырып отыр деп тұжырымдайды тілшілер. Бірі бұл аурудың жарқанаттан жұққанына сенсе, өзгелері ғалымдар зерттеу жұмыстары кезінде абайсызда вирус жұқтырды дегенге сенеді.

Жалпы зертханадағы қателік жайлы тұжырым Американы Трамп басқарып тұрған кезде, өткен жылы тараған болатын. 2020 жылғы сәуірде АҚШ-тың елшілігі телеграмма арқылы Қытайдағы биологиялық қауіпсіздікке алаңдайтынын жазған.

Кейін сол жылы дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы зерттеу жүргізіп, «зертханалық қателік» тұжырымының дұрыс болуы екіталай деген шешім қабылдаған. Олардың қорытындысы бойынша вирус адамға тікелей жарқанаттан емес, белгісіз жануар арқылы таралуы мүмкін дегенге тоқталған.

ДДСУ өкілі бейсенбіде арнаға берген сұхбатында мәселенің мәнісін анықтау үшін әлі де тыңғылықты зерттеу жүргізу керектігін айтқан. Ал лабораториялық тұжырымның белең алуына АҚШ анықтаған ақпарат себепкер болды. Америкалықтар АҚШ-та вирус таралды деген ақпарат шықпастан бірнеше апта бұрын Ухань университетінің 3 ғалымы ауруханаға жатқызылғанын анықтаған.

Бұған дейін вирус жануардан тарайды деген тұжырымды ұстанып келген Байденнің медицина саласындағы кеңесшісі Энтони Фаучи осы аптада бұл ойына күдіктенетін мәлімдеді. Ал Байден зерттеу жұмыстарын тыңғылықты жүргізуді тапсырмасын бұрын АҚШ-тың денсаулық сақтау министрі Ксавьер Бессер ДДСУ-нан «ашық» ақпарат беруді сұраған. «Вирустың таралуын зерттейтін жұмыстардың екінші кезеңі ашық, техникалық мақсаттарға жетерліктей жағдай жасалып және халықаралық ғалымдарға тұжырым жасауға еркіндік берілуі тиіс», – деді К.Бессер өз сөзінде.

Жалпы Америка коронавирустың шығу тегін анықтау үшін барын салуда. Тілші өз кезегінде, АҚШ Қытайдың берген ақпаратына сенімсіздіктен қарайтын, вирус «зертханалық қателіктің» кесірі екеніне көбірек сенетінін жазды. Дегенмен әлі екі тұжырым да америкалықтар үшін толық дәлелденбеген. Алайда олар қойған талап орындалып, зерттеу жұмыстары қарқынды жоймаса өз нәтижесін беріп, вирустың таралу себебі айқын болатыны анық.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Асхан НУРАЗҒАЛИ